

*А.Д. Байшуакова\*<sup>1</sup>, Г.Д. Сугирбаева<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің докторанты.*

*Шымкент қ., Қазақстан*

*E-mail: [baishuakova1806@mail.ru](mailto:baishuakova1806@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, т.ғ.к.*

*Шымкент қ., Қазақстан*

*E-mail: [sugirbaeva@mail.ru](mailto:sugirbaeva@mail.ru)*

## **XVII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ БАСҚАРУШЫ ЭЛИТАСЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ И.В. ЕРОФЕЕВАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақала XVII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының басқарушы элитасының эпистолярлық мұрасын зерттеуде белгілі тарихшы И.В. Ерофееваның ұстанған теориялық-методологиялық принциптері мен тарихи көзқарастарына арналады. 1999-2011 жылдар аралығында Ирина Викторовна архивтанушы Б.Жанаевпен бірлесе отырып Ресей Федерациясының, Қазақстан мен Өзбекстанның 12 ірі архив қорлары мен кітапханалары материалдарының негізінде қазақ хандары мен сұлтандарының хаттарын зерттеуден өткізді және ғылыми айналымға енгізді. Жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижесінде 2014 жылы «Абди Компани» баспасынан «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» екі томдық фундаменталды зерттеу жарыққа шықты. Бұл тарихи құжаттардың арнайы жинағы, ол жобаның, кіріспесінің, қазақ хандары туралы биографиялық зерттеулер мен ғылыми түсініктемелердің авторы және кітаптың құрастырушысы әрі жауапты редакторы И.В. Ерофеева болды. Жинаққа 1675-1821 жылдар аралығындағы хронологиялық кезеңді қамтитын қазақ хандары мен сұлтандарының 811 хаты енді.

Жалпы мұндай тарихи құжаттарды жаппай іздестіру және жариялау ісі кеңестік кезеңде басталғанын ескеру қажет, бірақ Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған соң ол интенсивті сипатқа ие бола бастады. Мақалада осы процесте И.В. Ерофееваның рөлі, тарих ғылымы үшін эпистолярлық мұраның маңыздылығын ашуда көрініс тапқан оның ұстанымдары мен тұжырымдарын көрсету әрекеті жасалады.

**Кілт сөздер:** дерек, эпистолярлық мұра, жеке тұлғалық құжаттар, эго-құжаттар, басқарушы элита, хандар, сұлтандар.

*А.Д. Байшуакова\*<sup>1</sup>, Г.Д. Сугирбаева<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің докторанты.*

*г. Шымкент., Қазақстан*

*E-mail: [baishuakova1806@mail.ru](mailto:baishuakova1806@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, т.ғ.к.*

*г. Шымкент., Қазақстан*

*E-mail: [sugirbaeva@mail.ru](mailto:sugirbaeva@mail.ru)*

## **ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ И.В. ЕРОФЕЕВОЙ В ИЗУЧЕНИИ ЭПИСТОЛЯРНОГО НАСЛЕДИЯ ПРАВЯЩЕЙ ЭЛИТЫ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА XVII-XIX ВЕКОВ**

*Аннотация*

Статья посвящена теоретико-методологическим принципам и историческим взглядам известного историка И.В. Ерофеевой в изучении эпистолярного наследия правящей элиты казахского общества XVII-XIX вв. С 1999 по 2011 годы Ириной Викторовной совместно с архивоведом Б.Т. Жанаевым были изучены и внедрены в научный оборот письма казахских ханов и султанов на основе материалов 12 крупнейших архивов и библиотек Российской Федерации, Казахстана и Узбекистана. В результате

проведенной научной работы в 2014 году в издательстве «Абди Компани» опубликовано двухтомное фундаментальное исследование «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов». Это специальный сборник исторических документов, где автором проекта, введения, биографии ханов, научных комментариев, составителем и ответственным редактором была И.В. Ерофеева. В сборник вошли 811 писем 26 казахских ханов и султанов, хронологически охватывающие период с 1675 по 1821 годы.

Следует учесть, что начало массовому выявлению и изданию этих исторических документов было заложено в советский период, но приобрело более интенсивный характер после провозглашения независимости Казахстана. В статье была сделана попытка показать в этом процессе роль И.В. Ерофеевой, ее позиции и концепции, отразившиеся в раскрытии значимости эпистолярного наследия для исторической науки.

**Ключевые слова:** источник, эпистолярное наследие, документы личного происхождения, эго-документы, правящая элита, ханы, султаны.

*A.D. Baishuakova\*<sup>1</sup>, G.D. Sugirbayeva<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Doctoral student at South Kazakhstan State Pedagogical University,  
Shymkent, Kazakhstan*

*E-mail: [baishuakova1806@mail.ru](mailto:baishuakova1806@mail.ru)*

*<sup>2</sup>Docent, candidate of historical sciences at South Kazakhstan state Pedagogical University  
Shymkent, Kazakhstan*

*E-mail: [sugirbaeva@mail.ru](mailto:sugirbaeva@mail.ru)*

#### **I.V. YEROFEYEVA'S THEORETICAL AND METHODOLOGICAL PRINCIPLES AND HISTORICAL VIEWS IN THE STUDY OF THE EPISTOLARY HERITAGE OF THE RULING ELITE OF THE KAZAKH SOCIETY OF THE XVIII-XIX CENTURIES**

##### *Abstract*

The article is devoted to the famous historian I.V. Yerofeyeva's theoretical and methodological principles and historical views in the study of the epistolary heritage of the ruling elite of the Kazakh society of the 17th-19th centuries. From 1999 to 2011, there were studied and introduced into scientific circulation Kazakh khans' and sultans' letters based on materials from 12 largest archives and libraries of the Russian Federation, Kazakhstan and Uzbekistan by Irina Viktorovna, together with archivist B.T. Zhanaev. As a result of the scientific work carried out in 2014, at the «Abdi Company» publishing house published a two-volume fundamental study "Epistolary heritage of the Kazakh ruling elite of 1675-1821". This is a special collection of historical documents, where the author of the project, introduction, Khans' biographies, scientific comments, compiler and responsible editor was I.V. Yerofeyeva. The collection includes 26 Kazakh khans' and sultans' 811 letters, chronologically covering the period from 1675 to 1821.

It should be noted that the beginning of the mass identification and publication of these historical documents was laid in the Soviet period, but it became more intense after the declaration of independence of Kazakhstan. The article attempts to show I.V. Yerofeyeva's role in this process, her positions and concepts reflected in the disclosure of the significance of the epistolary heritage for historical science.

**Keywords:** *source, epistolary heritage, documents of personal origin, ego documents, ruling elite, khans, sultans.*

**Кіріспе.** Жаңа заманда адамдардың арасындағы іргелі әлеуметтік-мәдени процестердің өзгеруінің нәтижесінде жазбаша деректердің қатары жеке тұлғалық деректермен толықтырылып, эпистолярлық жанрдың дамуына ықпал етті. Жеке тұлғалық деректер өткен заманның ерекше мәліметтер тобын құрайды. Ғылыми зерттеу жүргізу ісінде әртүрлі дәуірлерде орын алған оқиғаларды тарихи, мәдени, әдеби, лингвистикалық және т.б. тұрғыдан терең түсінуде жеке тұлғалық деректердің алатын орны ерекше. Жеке тұлғалық деректердің басты құндылығы ол ондағы мәліметтер ресми құжаттарда кездесе бермейді. Жеке тұлғалық деректердің арасында хаттар маңызды орын алады. Хат тек бір адамның ойының нәтижесі ғана емес, ол адамдардың арасындағы қатынас пен байланыстың құжаты, сонымен қатар тұлғаның іс-әрекетінің ашық көрінісі тәрізді.

Қазақстанның жаңа заман кезеңіне қатысты эпистолярлық мұра тек басқарушы элитаға тиесілі болды. Бүгінгі күні XVII ғ.-XIX ғ. басында билік еткен қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары зерттеушілер үшін маңызды деректердің тобын құрайды, ол тарихи құжаттардан сол дәуірдегі

Қазақстан-ның ішкі және сыртқы саясатына байланысты құнды мәліметтерді кездестіреміз. Жаңа замандағы қазақ басқарушы элитасының хаттарын ғылыми айналымға енгізуде белгілі ғалым И.В. Ерофеева аса көлемді жұмыс атқарды. Ол 17 жыл бойы өз еліміздегі және шетелдердегі архивтерден хандар мен сұлтандардың хаттарын іздестіріп, олардың барлығын жүйелеп, топтастырып, соның нәтижесінде екі томдық жинақты тарихшы-мамандарға, зерттеушілерге, қалың оқырман қауымның назарына ұсынды. Қазақ басқарушы элитасының қолынан шыққан хаттары зерттеушілерге еліміздегі жана дәуірдегі ішкі және сыртқы саяси процестерді түсінуге, қазақ халқының материалдық және рухани тәжірибесімен, тарихи тұлғалардың ішкі болмысымен, күнделікті тарихымен танысуға, сол дәуірдегі қазақ жазу стилінің ерекшеліктерін жан-жақты қарастыруға үлкен мүмкіндік береді.

**Материалдар мен әдістер:** XVII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының басқарушы элитасының эпистолярлық мұрасын зерттеудегі И.В. Ерофееваның теориялық-методологиялық принциптері мен тарихи көзқарастарын зерттеу кезінде әдіснамалық негіз ретінде И.В. Ерофееваның «Письма казахских ханов и султанов последней четверти XVII–середины XIX в. как исторический источник» атты ғылыми мақаласы [1], т.ғ.д. Д.А. Махаттың «Хаттарды зерттеу: қазақ қоғамының тарихы мен мәдениеті (XIX ғ. - XX ғ. басы)» атты монографиясы [2], Ресей ғалымдары Н.Н. Иванова [3], Ю.А. Русина [4], Н.М. Филатованың [5], Д.А. Суеваның [6], т.б. ғылыми зерттеулері қолданылды.

И.В. Ерофееваның «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» жинағы 2 томнан тұрады. Хронологиялық жағынан барлық хаттар 1675-1821 жылдарды қамтиды. Жалпы эпистолярлық хаттардың екі томы 26 қазақ басқарушысының 811 хатынан құралған. Бірінші томына 1675-1780 жылдар аралығындағы 16 қазақ басқарушысының 362 хаты енгізілген, ал екінші томында 1738-1821 жылдардағы 10 қазақ басқарушысының 449 хаты жарияланған. Хаттардың басым көпшілігі алғаш рет жарық көрді, ал бұрын жария етілген хаттар қайта өңдеуден өтіп, аударылды. Мақаланы жазу барысында объективтілік және жүйелілік принциптері басшылыққа алынып, тарихи талдау, жүйелеу, салыстыру секілді жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

**Талқылау.** Эпистоляр деген сөздің этимологиясына тоқталсақ эпистоляр сөзі гректің «epistole», яғни хат дегенді, «эпистолярлық» - «хатқа тән», «хат түрінде жазылған», «хаттан тұратын» деген ұғымдарды білдіреді. «Эпистолярлық әдебиет, эпистолография (грекше жолдау, үндеу) – сан алуан хат түрінде жазылған шығарма. Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады».

Соңғы жылдары батыстың тарихнамасында жеке тұлғалық деректерді эго-құжат деген ұғыммен атау жиілей түсті. Эго-құжаттарға байланысты зерттеулер бірнеше онжылдықтар бойы бүкіл әлемде, әсіресе құрлықтық Еуропада жүргізілуде. Бұл термин еуропалық мемлекеттерде кеңінен қолданыла бастады. Терминнің авторы голландық тарихшы Жак Прессер болып табылады. Ол «эго-құжат» деген түсінікті күнделіктер, мемуарлар, автобиографиялар және жеке хаттар секілді материалдарды білдіру үшін енгізді. Алғаш рет ағылшын тілінде бұл терминді қолданған Питер Берк еді [7, 301]. Жак Прессер эго-құжаттарға зерттеуші мәтінде бір уақытта Мен ретінде жазатын және қатысатын сипаттама субъектісін кездестіретін тарихи дереккөздерді жатқызады. 1980–90-жылдары осы термин ағылшын тілді, немістілі тарихнамада және франкотілді әдебиет тарихында кеңінен тарала бастады. Қазіргі таңда көптеген еуропалық елдерде эго-құжаттар корпусын жүйелеу, жіктеу және олардың гуманитарлық білімді дамытуда потенциалын анықтау бағытында көлемді зерттеу жобалары жүргізілуде [5, 32].

Кеңестік тарих ғылымында мемуарлық сипаттағы деректерге деген қызығушылық соғыстан кейінгі 1960-1980 жылдары күшейді. Бұл кезеңде күнделіктер, мемуарлар, хаттардың жариялануы, сонымен қатар жеке тұлғалық деректермен жұмыс істеу қағидаларын ашатын оқу құралдарының, анықтамалардың шығуы да әсерін тигізді. 1940-1970 жылдары деректанушылар жеке тұлғалық деректерге тән кемшілік ол субъективизм деп көрсетті. Жеке тұлғалық деректерді зерттеудегі сапалық өзгеріс 1980-1990 жылдардың соңында А.Г. Тартаковскийдің ғылыми еңбектерінде байқалды. Ол Ресейде мемуарлық жанрдың қалыптасу мәселелерін, орыс мемуаристикасының ерекшеліктерін зерттеумен айналысты [3, 106].

Қазіргі таңда Ресейдің тарих ғылымы саласында да эго-құжат түсінігі кеңінен қолданыла бастады. Бұл бағытта ғалымдар Ю. П. Зарецкий, Н. В. Суржикова өз ғылыми зерттеулерін жүргізуде. Тарихи дерек ретінде эго-құжаттармен жұмыс істеу тарихтағы бетбұрыс сәттерін тұлғалық тарих, сәйкестілік тарихы тұрғысынан антропологиялық және психолінгвистикалық перспективаларды зерттеу мүмкіндігіне жол ашады. Эго-тарих ерекше жеке пәндік сала ретінде қалыптасуда, ол әлем тарихындағы ауызша тарих (oral history) бағытымен байланысты болып келеді [5, 34]. Хаттарды ғылыми айналымға шығармас бұрын басқа да тарихи деректермен салыстыра отырып зерттеу, ондағы мәліметтерді толықтырып, мәнін аша түседі [2, 11].

Отандық тарих ғылымы саласында эпистолярлық деректерді зерттеу кенже қалған секілді. Ғылыми зерттеулерде деректердің бұл тобы өзіндік орнын таппаған тәрізді. Бұл салада олқылықты жойып, эпистолярлық мұраға ғылыми тұрғыдан баға бере отырып, оны ғылыми айналымға енгізген және кешенді зерттеу жұмыстарын жүзеге асырған отандық ғалымдар И.В. Ерофеева, Д.А. Махат. Үлкен ғылыми ізденістің нәтижесінде 2014 жылы И.В. Ерофеева «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» тарихи құжаттардың екі томдық жинағын жарыққа шығарды. Эпистолярлық деректерге байланысты 2020 жылы т.ғ.д., профессор Д. Махаттың «Хаттарды зерттеу: қазақ қоғамының тарихы мен мәдениеті (XIX ғ. - XX ғ. басы)» атты еңбегі жарияланды. Бұл аталған еңбектер тарихи зерттеулерді жүргізуде үлкен маңызға ие.

**Нәтижелер.** Жеке тұлғалық деректер әлеуметтік қызметі жағынан бір-бірімен ұқсас және де өздеріне тән ерекшеліктері бар тарихи деректердің төрт түрін біріктіреді: ол мемуарлар, күнделіктер, эссеистика, жеке хаттар (эпистолярлық деректер) [8, 450-451]. Эпистолярлық деректер өзара және іскерлік коммуникацияны іске асыруға тікелей ықпал етеді.

Шын мәнінде жеке тұлғалық деректердің ішінде мемуарлар мен күнделіктер өте жақын болып табылады. Олардың арасындағы басты айырмашылық тек ақиқатты жеткізу жүйесінде: күнделіктерде синхронды, ал естеліктерде ретроспективті тұрғыда жеткізіледі [4, 178-179]. Күнделіктер кейінірек естеліктерді жазуда негіз болып табылады, ол авторға белгілі бір оқиғаны еске ғана түсірмей, сонымен бірге мемуардың ішіне де енуі мүмкін [4, 179].

Хаттар дерек ретінде мемуарлармен салыстырғанда күнделікпен ортақ жақтары көп. Әдетте хаттарды нақты бір жағдайға байланысты белгілі бір тұлғаға арнап жазады. Хаттарда міндетті түрде адресат болады, ол хат авторының замандасы және де бұл хат авторының жазу стиліне әсерін тигізеді.

Хаттардың өзіне тән ерекшеліктері болады. Кез келген хат араласуға деген қажеттіліктен туындайды. Әдеби зерттеулерде хаттардың басқа мәтіндерден басты өзгешілігі ол диалогтылығында болып табылады. Түрі жағынан хат монолог болғанымен, сонымен қатар ол қатынас әрекеті, диалогпен тығыз байланысты. Тіпті жеке хаттан соң хат алмасу орнатылмағанымен ол сонда да адресаттан оны оқығаннан кейін белгілі бір ойын, сезімін, болмаса бір реакциясын тудырады.

Хат алмасу саяси, әлеуметтік, интеллектуалдық, сонымен қатар күнделікті тарихтың да ерекше дерегі болып табылады. Онда белгілі бір адамның белгілі бір күндегі, сағаттағы, тіпті мезеттегі көңіл-күйі, көзқарасы, істері, туындаған мәселелері көрініс табады [9].

Жазбаша ақпаратта хат алмасудың үш жүйесі анықталған: біріншіден, жеке тұлғалардың өзара хат алмасуы; екіншіден, билік өкілеттіктеріне ие адамдардың өзара хат алмасуы; үшіншіден, жеке тұлғалар мен билік өкілеттіктері бар адамдар арасындағы хат алмасу [10, 152].

Бүгінгі күнге дейін ұлттық және шетелдік архивтерде сақталған Қазақ даласы басқарушыларының арнайы хаттар жинағын жариялау идеясы Ирина Викторовна Ерофеевада 1998 жылы туындады. Ирина Викторовна қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуде далалық деректерді кең түрде тарту қажеттілігі туралы ойды қолдады. Ресей архивтерінде жүйелі түрде жұмыс жүргізу және одан да басқа іргелі ғылыми зерттеулермен айналысу ғалымның алға қойған мақсатын жүзеге асыру он алты жылға созылды. Осы кезеңде архив құжаттарын іздестіру және хаттар жинағын құрастыру қазақстандық тарихшы-ғалым Б.Т. Жанаевпен тығыз іс-әрекет ету арқылы жүзеге асты. Б.Т. Жанаев көбінесе кейінгі хронологиялық кезеңдегі эпистолярлық деректерді тауып, өңдеді [1, 10]. Ұзақ ғылыми ізденістің нәтижесінде жоба авторы, құрастырушы және жауапты редактор И.В. Ерофееваның жетекшілігімен 2014 жылы Алматыдағы «Abdi» баспасынан «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» тарихи құжаттардың екі томдық жинағы жарық көрді.

И.В. Ерофеева бұл жобаны іске асыру барысында Ресейдің 9 ірі архив қоймаларының қорларында (4-федералдық, 3-облыстық, 1-ұлттық және 1 ведомстволық архивтер) және Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттің архивінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Хаттардың басым көпшілігі Москвадағы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігінің Тарихи-құжаттық департаментінің Ресей империясының сыртқы саясаты архивінің «Қырғыз-қайсақ іс-құжаттары» қорынан табылды. Бұл қордағы тарихи құжаттардың көпшілігі өткен ғасырдың ортасынан бері Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Орталық ғылыми кітапханасының» архив жұмысы ғылыми-зерттеу бөлімшесінің бөлімінде сақталған (11 Қ.). Хаттардың үлкен тобы Ресей мемлекеттік Ежелгі актілер архивінен (Москва қ.), Орынбор облысының Мемлекеттік архивінің төрт ірі қорынан және Ресей Ғылым академиясының Санкт-Петербург филиалындағы академик Г.Ф. Миллердің (1705-1783) жеке қорынан табылып, Қазақстан архивтанушылары тарапынан көшірмелері жасалды. Сонымен қатар жинаққа аз көлемде Омск және Астрахань облыстарының мемлекеттік архивтерінен, Ресей мемлекеттік тарихи архивінен (Санкт-Петербург қ.), Ресей Ғылым академиясының тарихы Санкт-Петербург институтының архивінен,

Қалмақ Республикасының Ұлттық архивінен (Элиста қ.) және Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінен құжаттар енді [1, 11].

Қазақ басқарушы элитасының хаттарын аудару ісіне нағыз өз кәсібінің білікті мамандары жұмысқа тартылды. Шағатай немесе ортаазиялық, түркі, ортаазиялық парсы және осман-түрік тілдеріндегі хан және сұлтан хаттары мен олардың түсіндірмелерінің аудармаларын ҚР БҒМ Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к. Т.К. Бейсембиев; ойрат әдеби тілінен (тодо бичиг) – РҒА Шығыс қолжазбалары институтының жетекші ғылыми қызметкері (Санкт-Петербург қ.), т.ғ.к. Н.С. Яхонтова, маньчжур тілінен – сол институттың бөлім меңгерушісі, т.ғ.д. Т.А. Пан, қытай тілінен – қазақстандық шығыстанушы, т.ғ.д. К.Ш. Хафизова дайындады. XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX басындағы аударылған хаттардың негізгі бөлігін сол кезеңдегі ресейлік тілмәштар мен кәсіби аудармашылар тарапынан жүзеге асырылды [1, 12].

Тарих ғылымында кейінгі орта ғасыр мен жаңа заманның басындағы қазақ халқының және дала тарихы мен мәдениетінен деректердің жекелеген бір түрі ретінде қазақ басқарушыларының хаттары негізінен зерттелмегендіктен Ирина Викторовна жинақтың құрылымына деректердің осы түріне байланысты «Письма казахских ханов и султанов последней четверти XVII–середины XIX в. как исторический источник» атты көлемді арнайы деректемелік мақаласын енгізді [1, 15-76]. Хаттардың 26 авторларының өмірі мен басқару тарихы жеткілікті қарастырылмауына байланысты ғалым осы хандар мен сұлтандар туралы қысқа тарихи-биографиялық очерктерін дайындады. Ол очерктерде басқарушылардың әскери және қоғамдық-саяси қызметін ашу мақсатында тарихи құжаттарға және арнайы зерттеулерге нақты сілтемелер берілген.

И.В. Ерофеева екі томдық жинақтың кіріспе сөзінде тарих ғылымы фактілерге негізделеді және деректерге сүйенеді деп көрсетеді. Әр дерек өздігінше субъективті болып табылады, сондықтан да ғылыми-зерттеу жұмыстарында өткеннің әртүрлі куәларын қолдануға тура келеді. Бұл салада серпіліс туындайды, егер де тарихшының алдында жаңа, танымалдығы аз және күрделі деректердің түрі ашылса, сонымен қатар жаңа фактілерге қол жеткізсе, оларды түсінуге және түсіндіруге, зерттеу пәнінен одан әрі терең үнілуге, ракурсты өзгертуге, бұрын алынған білімді жаңа фактілермен толықтыруға және нақтылауға, оларды үлкен тарихи кенептерге мозаиканың үзінділері ретінде енгізуге мүмкіндік болады. Жаңа деректер мен фактілер қайта қалпына келтірілетін тарихи оқиғалардың панорамасына үйлесімді түрде еніп, тарих ғылымындағы жаңа ашылымдарды салыстырулардың, теріске шығарудың, түсіндірулердің, түсініктемелердің, жаңа түсіндірулер мен түсініктемелердің нәтижесінде жаңа тармағын құрайды. Бұл кітап маман-тарихшылар мен одан да кең ғылыми қауымдастықтың игілігіне жаңа тарихи деректер мен жаңа тарихи фактілердің үлкен көлемін беретін дәл сондай басылымдар санатына жатады деген ойымен бөлісті.

И.В. Ерофееваның зерттеуіне ғылыми басылымдарда Ресейдің танымал ғалымдары В.В. Трепавлов пен Р.Ю. Почекаев тарапынан рецензиялар жарияланды.

Ресей Ғылым Академиясы жанындағы Ресей тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, Ресей халықтары және этносаралық қатынастар тарихы орталығының басшысы, т.ғ.д. В.В. Трепавловтың рецензиясы РҒА тарих-филология бөлімінің басшылығымен шығатын «Восток (Oriens)» пәнаралық бейіндегі шығыстану академиялық басылымда жарық көрді [11]. В.В. Трепавлов И.В. Ерофееваны XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихының әртүрлі аспектілеріне арналған, негізінен алғанда жоғары әлеуметтік қабаттарына (хандар, сұлтандар, батырлар, қожалар), олардың ішкі және сыртқы саясатына, қоғамдық мәртебесіне, басқару құрылымына, Ресей империялық орталығымен қарым-қатынастарына, т.б. арналған фундаменталды монографиялардың авторы екендігін атап көрсетті [11, 224]. Сондықтан да бұл басылым хандар мен сұлтандардың өмірлік жолын сипаттаған очерктермен сүйемелденген. Жарияланған деректердің басты құндылығы олардың түпдеректілігінде, «алғашқы қолдан» шығуында. Хандардың хатшыларының қаламынан шыққан мәтіндер дәл олар жазылған кезеңдегі оқиғаларды бейнелейді, сонымен бірге оларда ұзақ уақыт өткен соң жазылған хроникалық шығармаларға тән идеологиялық бұрмалаушылық мен қайта ой елегінен өткізу көп орын ала қоймаған. Жария етілген хат алмасулар (негізі XVIII ғ.) қазақ қоғамының тікелей тарихының, сондай-ақ жекелеген маңызды тарихи оқиғалардың тарихи дерегі ретінде құнды болып табылады [11, 225]. В.В. Трепавлов «Эпистолярлық мұра» басылымы Қазақстан мен Ресейдің тарихын зерттеуде кең көлемді жаңа материал екендігін атап өтіп, И.В. Ерофеева мен оның әріптестерінің еңбегі тарих ғылымын тың идеялар мен тұжырымдармен сөзсіз молайта түсіруге септігін тигізеді деп пікірін білдірді [11, 226].

2016 жылы Ресей Ғылым Академиясының Шығыс қолжазбалар институты жанынан шығатын «Письменные памятники Востока» ғылыми журналының № 1 (24) санында ресейлік тарихшы, ғалым Р.Ю. Почекаевтың И.В. Ерофееваның «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» тарихи құжаттардың екі томдық жинағына рецензиясы жарияланды. Р.Ю. Почекаев қазақ

басқарушыларының Ресей және Цин империясының монархтарына, орталық және аймақтық билік өкілдеріне, Жоңғар және Қалмақ хандықтарының хандарына жіберілген 800-ден астам хат енгізілген жинаққа өзінің жоғары бағасын берді. 811 құжаттан тұратын жинақтағы 164 хат ертеректе жарияланса, ал қалғаны алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген деп көрсетіледі [12, 131]. Бұл кітаптың рецензенттері әлемге танымал ғалымдар Евразияның көшпелі халықтарының тарихы мен мәдениеті бойынша маманы К.М. Байпаков және Орталық Азия халықтарының жазбаша мұрасы бойынша маманы Т.И. Султанов. Рецензент Р.Ю. Почекаев өз пікірінде бұл іспеттес құжаттардың алғаш жариялануы емес деп көрсете отырып, осыған дейінгі жарияланымдарға шолу жасады. Негізінен алғанда Қазақ хандары мен сұлтандарының әртүрлі адресаттарға жіберілген жеке грамоталары мен жолдаулары бүгінгі күні қолжетімсіз аймақтық журналдарда XIX ғасырдың өзінде жарияланып тұрды («Астраханский листок», «Оренбургский листок», «Томские губернские ведомости» және т.б.). Сонымен қатар XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында В.В. Вельяминов-Зернов, И.И. Крафт, А. Харузин, Н. Коншин, А.И. Добросмыслов және т.б. Қазақстандағы Ресей саясатының тарихына қатысты мәселелерге арналған жекелеген зерттеулеріне кейбір құжаттарды енгізді. Кеңестік кезеңде мұндай дипломатиялық актілерді шығару жүйелі сипатқа ие бола бастады. 1940-жылдары екітомдық «Материалы по истории Казахской ССР», 1960 ж. «Материалы по истории политического строя Казахстана» 1 томы, 1961 және 1964 жылдары «Казахско-русские отношения» екітомдық құжаттар және материалдар жинағы, 1989 ж. «Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII-первая треть XIX в.» екітомдық жинақ жарияланды. Б.С. Сулейменов пен В.Я. Басинның «Казахстан в составе России в XVIII-начале XIX века» (Алма-Ата, 1981) зерттеуіндегі қосымшасында хандар мен сұлтандардың жолдауларының үлкен бөлігі енгізілді.

Қазақстан тарихына қатысты құжаттардың жариялау ісі тәуелсіздік алғаннан кейін үлкен серпінге ие болды. 1990-2000 жылдары осы секілді жинақтардың бірқатар сериясы жарық көрді: «Народно-освободительное движение казахского народа в 1836–1838 гг.» (Алматы, 1992), «Народно-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова» (Алматы, 1996), «Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник I (V в. до н.э. - XVIII в. н.э.)» (Алматы, 1997), «История Букеевского ханства. 1801–1852» (Алматы, 2002).

Қазақ хандарының бірқатар жолдаулары Ресей империясының көшпелі халықтармен қарым-қатынас тарихына арналған Ресейде шыққан тақырыптық жинақтарға енгізілді. Мысалыға, «Материалы по истории Башкортостана» (т. VI, Уфа, 2002), «Русско-джунгарские отношения (конец XVII – 60-е годы XVIII в.)» (Барнаул, 2006), Д.А. Сусееваның «Письма калмыцких ханов XVIII века и их современников (1713-1771 гг.)» кітабы (Элиста, 2009). Қазақ жолдаулары құжаттарының батысевропалық тілдерде жарияланған басылымдардың ішінде ең көлемдісі және мазмұндысы Д.Нода (D.Noda) және Т.Онуманың (T.Onuma) «A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty» (Токио, 2010, факсимиле, транслитерация и английский перевод) жұмысы болып табылады [12, 132].

И.В. Ерофееваның «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты» бұл ғылыми дәстүрдің тікелей жалғасы, бірақ мақсаты мен материалды ұсынуы жағынан бұл басылым түбегейлі жаңа әдісті ұсынады. Жоғарыда аталған жинақтарда Қазақстан мен көрші елдермен қарым-қатынасы жалпы тарихи даму сипатындағы көрініске ие болды. Ондағы құжаттар сәйкесінше хронологиялық (немесе тақырып-тық) реттілікпен орналасты, алайда хандардың жолдаулары көп қамтыла қоймады. И.В. Ерофееваның «эпистолярлық мұраны» шығарудағы негізгі мақсаты әр хан мен сұлтанның өмірін оның хаттары негізінде қалпына келтіру болып табылады. Екітомдық жинақтың құрылымы алға қойған мақсатына толық сәйкес келеді. Жинақтағы құжаттар адресанттар бойынша топтастырылған, әр хаттың авторына байланысты қысқаша биографиялық очерк, оның шығу-тегі, өмір сүрген және билік еткен кезеңдері, қысқаша саяси қызметі, т.б. мәліметтер ұсынылады.

Р.Ю. Почекаев бұл жинақ ең әуелі Қазақстанның, Орталық Азияның тарихы, орыс-қазақ қатынастары және т.б. мәселелермен айналысатын мамандар үшін қажет дүние деп атап көрсетті. Хаттар аймақтағы саяси ахуал, қазақ хандықтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі тенденциялары мен ерекшеліктері туралы құнды ақпаратты қамтиды. Жарияланған құжаттардан «тұлғалық тарихты» ерекше бағытта зерттеуде мүмкіндігі бар, себебі тіпті ресми жолдауларының өзінде олардың саяси көзқарастарындағы ерекшеліктер, өзге мемлекеттердің басшыларымен және басқару әкімшілік өкілдерімен қарым-қатынасы т.б. көрініс табады. Р.Ю. Почекаевтың ойынша Ирина Викторовнаның өзі де осы мақсатты көздеген деген көзқарасты қолдайды. Сонымен қатар жарияланған хаттар Ресейдің Қазақстанда ұстанған құқықтық саясатына ұлттық элитаның қатынасын анықтауда бойынша таптырмас эксклюзивті деректер мәліметін құрайды.

Екі томдық жинақта ұсынылған тарихи құжаттар, дәл айтқанда – XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ билеушілерінің эпистолярлық мұрасы – ғылыми

зерттеулердегі бұрынғы ракурсты өзгертуге мүмкіндік береді. Негізінен алғанда осы уақытқа дейін кейінгі орта ғасыр мен жаңа заманның басындағы қазақтардың көшпелі қоғамын зерттеген тарихшылар қазақ тайпаларының жақын және алыс орналасқан өзге этникалық көршілерінің сыртқы деректеріне сүйенді. И.В. Ерофеева өзі көрсеткендей ендігі кезекте Дала тарихына «ішінен» қарау мүмкіндігі пайда болды. Көшпелі қазақтардың билеуші ақсүйек элитасының ең көрнекті өкілдерінің жазбаша мұрасы – бүгінгі бұқаралық санадағы ұлы тарихымыз ретінде көрінетін шын мәнінде драмалық және көп жағдайда бетбұрыс дәуірі туралы ашық немесе жасырын ақпаратты беретін (арнайы талдау арқылы анықталатын) тарихи үдерісті жасаушылар-дың өздерінің, жария етіп отырған оқиғалардың тікелей қатысушылардың немесе куәгерлердің үнін естуге мүмкіндік беретін «ішкі» дерек көзі [1, 9].

Ирина Викторовна хатты анықтамасының өзінен субъективтілігі «шектен тыс» тарихи деректің түрі деп санайды, бірақ дерекке герменевтикалық көзқарас сөзсіз «минусты» жігерлендіретін плюс ретінде қарастыруға көмектеседі деген ойын білдірді. Автордың ресми және бейресми мәнерімен, үнімен және өзекті тақырыбымен, көптеген адресаттарға жоғары сенімділік деңгейімен, күйзелісінің эмоционалды-психологиялық реңктерінің бай бояу түрлерін көрсететін және адресаттың өзгермелі көңіл-күйі және олардың қарым-қатынасының ерекше сипатын жеткізетін дипломатиялық хат алмасу нақты адамдардың өмірбаяндарының тұтас сериясы арқылы ел мен халықтың тарихын түсіндіруге үлкен мүмкіндікке жол ашады.

Бұл басылымда әрбір жеке алынған қазақ билеушілерінің ұзақ жылдардағы немесе қысқа мерзімді өмірінің кезеңі оның мемлекеттік қайраткерлер мен өзінің замандастарына жазған хаттарының жинағында көрініс табады және 150 жыл бойғы Дала тарихы бір уақытта басқарған және/немесе кейіннен бірін-бірі алмастырған көшпелілердің ақсүйек көсемдерінің 26 жеке эпистолярлық жинақтары арқылы ашылады. Болашақта далалық түпнұсқалық дереккөздерді жариялауда осындай кешенді әрекет дәстүрлі бұқаралық сана тасымалдаушылардың тарихи оқиғалардың себептері мен барысына көзқарасын және олардың осы оқиғалардағы нақты рөлін тереңірек түсіндіруге және түсінуге мүмкіндік береді [1, 9-10].

Қазақ-көшпенділердің эпистолярлық мұрасы жазбаша деректердің дербес түрі ретінде жеке тұлғалар арасында белгілі бір құқықтық, саяси, іскерлік және өзге де өзара қарым-қатынастарды орнату функция-сын атқарған, сонымен бірге сыртқы пішіні және шартты формулярлық жағынан ұқсас ресми және жеке құжаттардың кешені болып табылады.

**Қорытынды.** Қазақ басқарушы элитасының хаттарын әртүрлі әдістердің көмегімен түрлі аспектілер тұрғысынан зерттеу мүмкіндігі бар. Бұл хаттардың мәдени және тарихи құндылығы аса жоғары, себебі ол хаттар қазақ халқының ұлттық қазынасының бір бөлігі іспеттес. Жалпы алғанда хат алмасулар зерттеушілерге қоғамның әлеуметтік-психологиялық және рухани өмірін қалпына келтіру мәселесінде маңызды дерек болып саналады [4, 180]. Ғалым И.В. Ерофееваның өзі көрсеткендей хандар мен сұлтандар тарихын зерттеу арқылы Дала тарихын ішкі жағынан үніліп зерттеуге болады. Ирина Викторовна қазақ басқарушы элитасының хаттарын жинақтау, жүйелеп шығару ісінде елеулі еңбек атқарды. Оның жария еткен 1675-1821 жылдардағы қазақ басқарушы элитасының хаттарының екі томдығы нағыз фундаменталды зерттеулердің қатарына жатады.

Бүгінгі күні қазақ басқарушы элитасының хаттарын тек тарихи тұрғыдан ғана зерттеумен шектелмей, сонымен қатар лингвистика, этнография, психология, философия, экономика, т.б. ғылым салалары тарапынан жан-жақты қарастырса құба-құп болар еді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ерофеева И.В. «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах. Письма казахских правителей. 1675-1780 гг. – Алматы: Абди, 2014, Т. 1. – 696 с.
2. Махат Д.А. Хаттарды зерттеу: қазақ қоғамының тарихы мен мәдениеті (XIX ғ.-XX ғ. басы). – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 199 б.
3. Иванова Н.Н. Видовая и внутривидовая классификация источников личного происхождения: проблемы источниковедческого анализа//Вестник РУДН. Серия «История России». 2006. № 3 (7). – 105-110 с.
4. Русина Ю.А. Источниковедение новейшей истории России. М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2015. – 236 с.
5. Филатова, Н. М. Подходы к изучению эго-документов в современной исторической науке в свете "лингвистического поворота" / Н. М. Филатова // Документ и "документальное" в славянских культурах: между подлинным и мнимым: Сборник научных трудов / Ответственный редактор Н.М. Куренная. – М.: Институт славяноведения РАН, 2018. – 24-40 с.

6. Сусеева Д.А. Письма калмыцких ханов XVIII века опыт лингвистического описания. Т. 1. – Элиста: 2002. – 422 с.
7. Karahasanoğlu S. Ottoman Ego-Documents: State of the Art. *International Journal of Middle East Studies*. – 2021. № 53. – 301–308 p.
8. Источниковедение. учеб. пособие/И.Н. Данилевский, Д.А. Добровольский, Р.Б. Казаков и др.; отв. ред. М. Ф. Румянцева; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: Издательский дом Высшей школы экономики, 2015. – 684 с.
9. Айзеништат М. П. Эпистолярное наследие XVIII в. // Электронный научно-образовательный журнал «История». – 2018. – Т. 9. – Выпуск 1 (65) [Электронный ресурс]. URL: <https://arxiv.gaugn.ru/s207987840001982-9-1/> (дата обращения: 01.08.2021).
10. Голиков А.Г., Круглов Т.А. Источниковедение отечественной истории. – М.: 2012. – 464 с.
11. Трепавлов В.В. Рецензия на: «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» /Сборник исторических документов в 2-х тт. Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев, сост. и отв. Ред. И.В. Ерофеева. Алматы: АО «Абди компания», 2014. //«Восток (Oriens)», М.: 2016, № 4, 224-227 с.
12. Почекаев Р.Ю. Рецензия на: «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов»/ Введ., биогр., коммент., сост. и ред. И.В. Ерофеева. Т. I. Письма казахских правителей. 1675-1780 гг. – 696 с.; т. II. Письма казахских правителей. 1738–1821 гг. — 1032 с. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. // Письменные памятники Востока. – М.: Наука – Восточная литература, 2016. – 131-135 с.

#### References:

1. Erofeeva I.V. «Epistolyarnoe nasledie kazahskoj pravyashchej elity 1675-1821 godov. Sbornik istoricheskikh dokumentov v dvuh tomah. Pis'ma kazahskikh pravitelej. 1675-1780 gg. - Almaty: Abdi, 2014, T. 1. – 696 s.
2. Mahat D.A. Hattardy zertteu: qazaq qoğamynyñ tarihy men mädenieti (XIX ğ. - XX ğ. basy). - Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 199 b.
3. Ivanova N.N. Vidovaya i vnutrividovaya klassifikaciya istochnikov lichnogo proiskhozhdeniya: problemy istochnikovedcheskogo analiza.//Vestnik RUDN. Seriya «Istoriya Rossii». 2006. № 3 (7). – 105-110 s.
4. Rusina Yu.A. Istochnikovedenie novejshej istorii Rossii. M-vo obrazovaniya i nauki Ros. Federacii, Ural. feder. un-t. – Ekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta, 2015. – 236 s.
5. Filatova N. M. Podhody k izucheniyu ego-dokumentov v sovremennoj istoricheskoy nauke v svete "lingvisticheskogo povorota"./ N. M. Filatova // Dokument i "dokumental'noe" v slavyanskikh kul'turah: mezhdru podlinnym i mnimym: Sbornik nauchnyh trudov / Otvetstvennyj redaktor N.M. Kurenayaya. – M.: Institut slavyanovedeniya RAN, 2018. –24-40 s.
6. Suseeva D.A. Pis'ma kalmyckih hanov XVIII veka opyt lingvisticheskogo opisaniya. T. 1. – Elista: 2002. – 422 s.
7. Karahasanoğlu S. Ottoman Ego-Documents: State of the Art. *International Journal of Middle East Studies*. – 2021. № 53. – 301–308 p.
8. Istochnikovedenie. ucheb. posobie/I.N. Danilevskij, D.A. Dobrovol'skij, R.B. Kazakov i dr.; отв. red. M. F. Rumyanцева; Nac. issled. un-t «Vysshaya shkola ekonomiki». - M.: Izdatel'skij dom Vysshej shkoly ekonomiki, 2015. – 684 s.
9. Ajzenshtat M. P. Epistolyarnoe nasledie XVIII v.// Elektronnyj nauchno-obrazovatel'nyj zhurnal «Istoriya». – 2018. – Т. 9. – Vypusk 1 (65) [Elektronnyj resurs]. URL: <https://arxiv.gaugn.ru/s207987840001982-9-1/> (data obrashcheniya: 01.08.2021). [in Russian].
10. Golikov A.G., Kruglov T.A. Istochnikovedenie otechestvennoj istorii. M.: 2012. – 464 s.
11. Trepavlov V.V. Resenziya na: «Epistolyarnoe nasledie kazahskoj pravyashchej elity 1675–1821 godov»./Sbornik istoricheskikh dokumentov v 2-h tt. Avtor proekta, vvedeniya, biografij hanov, nauchnyh kommentarijev, sost. i отв. Red. I.V. Erofeeva. Almaty: АО «Абди компания», 2014. //«Vostok (Oriens)», М.: 2016, № 4, 224-227 с.
12. Pochekaev R.YU. Recenziya na: «Epistolyarnoe nasledie kazahskoj pravyashchej elity 1675–1821 godov»./ Vved., biogr., komment., sost. i red. I.V. Erofeeva. T. I. Pis'ma kazahskikh pravitelej. 1675–1780 gg. — 696 s.; t. II. Pis'ma kazahskikh pravitelej. 1738–1821 gg. — 1032 s. — Almaty: АО «АБДИ Компани», 2014. // Pis'mennyye pamyatniki Vostoka, М.: Nauka – Vostochnaya literatura, 2016. – 131-135 s.